

# Есімі ұлағатты ұстаз

Адамзат баласы жер бетіне жаралғаннан бастап, білім іздеп, оқу оқумен қатар, жер жаһанның құпия сырларын ашумен келеді. Талмай еңбек етумен ізденістің арқасында өзіне де, өзге де дүниенің құпиясын ашып көрсетпек. Осы тұрғыда өлшеусіз еңбек еткен, өз баласынан өзгенің баласын артық көріп, қамқор бола білген жан - Біржан Шәкіров. Ол 1953 жылы Шымкент қаласында дүниеге келді. 1977 жылы Қазақ химия-технологиялық институтын сәтті бітіріп, “КазНИИГипрофосфор” ғылыми қызметінде, 1979-1981 жылдар аралығында КАХТИ-ның аспирантурасында білім алды. 1982-1992 жылдар аралығында КазХТИ-ның “Су қорларын ұтымды пайдалану және өндірістік ағынды іркінді суларды залалсыздандыру” кафедрасының менгерушісі қызметінде жұмыс істеді. 1981 жылы Ленинград қаласында орналасқан технология институтында кандидаттық диссертациясын қорғап, 1983 жылдан бастап, “Бейорганикалық заттар технологиясы” кафедрасының доценті ғылыми атағына ие болды.

1993 жылы Қазақ химия-технологиялық институтында Д058.06.01 Кеңесте докторлық диссертациясын қорғады. 1994 жылы “Қоршаған ортаны қорғау” мамандығы бойынша профессор атағын алды. 1993-2001 жылдар аралығында “Өндірістік экология және тіршілік қауіпсіздігі” кафедрасының менгерушісі қызметінде, 2001-2005 жылдар аралығында М.Әуезов атындағы ОКМУ-нің технологиялық факультетінің деканы қызметінде, 2005-2014 жылдар аралығында “Экология” кафедрасының менгерушісі қызметтерін абыроймен атқарды.

Дүниеде көптеген мамандық иесі бар десек, солардың ең қиыны ұрпақ тәрбиесіне тікелей қатысты. Себебі, алдындағы кішкентай оқушының



Суретте: Б.ШӘКІРОВ

келешекте қандай адам болып өсуіне ұстаздың тікелей қатысы бар. Оның жетекшілігімен 17 кандидаттық диссертация, 1 докторлық диссертация қорғалды. Онымен авторлықта 500-ге жуық ғылыми жұмыс, ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік сипаттағы оқулықтары шығарылды.

Біржан Сардарұлы жазған еңбектерінің арқасында республикалық және облыстық деңгейдегі марапаттауларға ие болды. Сонау 1986 жылы Қазақстанның Ленин комсомолының ғылым және техника саласындағы сыйлығының лауреаты, 1997 жылы Қазақстан Республикасының Білім үздігі, 2005 жылы ҚР ғылым мен техника және білім саласындағы мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Сонымен қатар, ҚР Білім және ғылым министрлігінің “2009 жылдың ЖОО үздік оқытушысы” мемлекеттік грант иегері, Оңтүстік Қазақстан облысының Білім және ғылым саласының дамуына ерекше үлес қосқаны үшін 2013 жылдың “Үздік ғалымы” номинацияларының иегері болып танылды.

Біржан Шәкіров - қызметестерінің арасында сыйлы болған тұлға. Ол кісінің қайтыс болғанына бір жыл өткенімен, бүгінгі таңда оның ғылыми еңбек жолын, шәкірттері жалғастыруда. Ұлағатты ұстаз есімі кафедра тарихында алтын әріппен жазылып, есімі мәңгі сақталады.

М.Әуезов атындағы ОКМУ-нің Экология кафедрасының ұжымы.